Қазақстан Республикасында еңбекті қорғау саласындағы ғылыми әзірлемелер кәсіпорындардағы еңбекті қорғауды жақсартуға бағытталған, жаңа еңбек кодексі қабылданды, тиісті нормативтік-құқықтық база жаңартылып жатыр [1-2]. Еңбек кодексінің 182 бабына сәйкес жұмыс берушілер еңбек жағдайларын жақсартуға міндетті, бірақ еңбек заңнамасында, өндірісте, еңбек жағдайларды жақсартудың нақты шаралары жазылмаған. Осы сәтте еңбекті қорғау (әрі қарай - ЕК) бойынша құжаттамаға ең төмен талаптарды айқындаі отырып, еңбекті қорғауды басқарудың ұлттық жүйесін үйімдастыруға бірыңғай тәсілдемелерді Халықаралық стандарттарға сай, соның ішінде кәсіби тәуекелдерді басқара (әрі қарай-КТБ) отырып, әзірлеу және барлық зерттеулерді жүйелеу қазіргі кездегі өзекті талаптар болып саналады [3-5]. Сол себепті «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі респубикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – «ҚР ЕХӘҚМ РЕЗИ» ШЖҚ РМК) ғылыми-техникалық бағдарлама шеңберінде «Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу» бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде [6].

Зерттеу әдісі

Зерттеу жұмыстары 4 кезеңнен тұрады:

- Еңбекті қорғауды басқарудың халықаралық стандарттарына және инновациялық үрдістеріне сәйкестігі мәніне Қазақстанда ЕҚ саласындағы реттеуді салыстырмалы талдау (2018ж.);
- ҚР кәсіпорындардағы еңбекті қорғауды басқару жүйесі (әрі қарай - ЕҚБЖ) қолданыстағы жай-куйін бағалау (2019 ж.);
- ҚР кәсіпорындардағы КТБ негізінде біріктірілген ЕҚБЖ енгізу (2019 ж.);
- ҚР экономикасының басымды секторларындағы КТБ негізінде біріктірілген ЕҚБЖ тиімділігін бағалау және т.б. (2020 ж.).

Зерттеу жұмысының екінші кезеңінде ҚР кәсіпорындардағы қолданыстағы ЕҚБЖ жай-куйін бағалау мақсатында 20 пилоттық кәсіпорын таңдалып алынды. Соның бірі өндөу саласына тиесілі керамикалық кірпіш өндіру кәсіпорыны. Керамикалық кірпішті өндіруді ұйымдастырудың маңызды қағидаларының бірі өндіріс процесінің барлық кезеңдерінде қауіпсіз және зиянсыз еңбек жағдайларын жасау болып табылады және олар қауіпсіздік талаптарына сай болуы керек. Кәсіпорынның қолданыстағы ЕҚБЖ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнама талаптарының сақталуын ескере отырып, төмендегі көрсеткіштер бойынша бағаланды:

- еңбекті қорғау саласындағы міндеттерді лауазымды адамдар арасында бекіту;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кәсіпорын қызметкерлері мен басшыларын оқыту, нұсқау беру және білімін тексеру жүргізу;
- жұмыскерлерді жеке қорғану құралдарымен (бұдан әрі-ЖҚҚ) қамтамасыз етілуі);
- еңбекті қорғау талаптарының сақталуына ішкі бақылауды жүзеге асыру;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының болуы;
- өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттесттатаудан өткізу (әрі қарай-аттесттатау).


Сонымен қатар, кәсіпорында Халықаралық талаптарға сәйкес, еңбекті қорғауды басқару жүйесін кәсіби тәуекелді басқаруды енгізе отырып жасау мақсатында, Институт тарапынан кәсіпорында кәсіби тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде [7], онда әр мамандық бойынша тәуекел дәрежесін жеке бағалау жүргізілді. Тәуекел дәрежелері 5-ке бөлінеді: рұқсат етілген, төменгі, орташа, жоғары және өте жоғары.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кәсіпорында 250 ден астам жұмыскер бар. Еңбекті қорғау саласын ұйымдастыру жұмыстары Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша инженерге жүктелген. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кәсіпорын жұмыскерлері мен басшыларын оқыту, нұсқау беру және білімін тексеру жүргізу жұмыстары еңбек заңнамаларына сәйкес жүргізілген. Жұмыскерлер ЖҚҚ-ымен қамтамасыз етілген. Еңбекті қорғау талаптарының сақталуын жүзеге асыру мақсатында ішкі бақылау жұмыстары жүргізілген. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралардың жылдық жоспарлары жасалған. Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттесттатау жұмыстары 2018-2019 жылдары кезеңмен өткізілген. Кәсіби тәуекелдерді бағалау жұмыстары жоғарыда аталған әдістемелік ұсынымдар негізінде жүргізілді. Кәсіпорындағы әр мамандық бойынша зиянды және қауіпті факторларды анықтау (идентификациялау) жүргізілді. Әрі қарай, бес көрсеткіш негізінде, өндірістік орта факторларының зияндылық дәрежесі, еңбек процесінің жарақат алу қаупі, өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігі, ЖҚҚ қамтамасыз етуі және жұмыскерлердің сырқаттануына еңбек жағдайларының әсерін талдау арқылы есептелді. Кәсіби тәуекел 114 мамандық бойынша бағаланды.

Кәсіби тәуекелді бағалау нәтижелері бойынша (сурет), еңбек жағдайларының зияндылығы кәсіпорында жүргізілген аттесттатау қорытындылары негізінде, зиянды өндірістік факторларға көбірек ұшырайтын мамандықтарды, олардың түрлерін анықтау және жұмыскерлердің ағзасына әсер ету дәрежесін анықтау үшін жүргізілді.

Белгілі болғандай, негізінен кеңсе қызметкерлерінің (хатшы-референт, бас бухгалтер, техникалық сапаны бақылау, сату жөніндегі бөлімдердің жұмыскерлері, инженер-бағдарламашы және т.б.) жұмыс орындары 2 дәрежелі тәуекел (төменгі) деп бағаланды, яғни олардың жұмыс орындарындағы компьютерлерден болған электромагнит өрістерінің рұқсат етілген шекті (3.1 зияндылық класы) шамасынан артық болған. Ал автокөлік цехының жұмыскерлері (жүк көлігінің

жүргізушілері, машинисттер, жанар-жагар май тасуши көліктердің жүргізушілері, краншылар және т.б.) З дәрежелі тәуекел (орташа) деп бағаланған, себебі аталған мамандықтардың жұмыс орындарында химиялық зиянды факторлардың концентрациясы руқсат етілген шекті шамандан артық болған (3.1 зияндылық класы), сонымен қатар еңбек процесінің қауырттылығы мен ауырлығы да бағалауда 3.1 зияндылық класы белгіленді.



Еңбек жағдайларының қауіптілігі көрсеткіші механикалық факторлар көбірек әсер ететін мамандықтарды анықтау үшін жүргізілп, олардың түрлері мен жұмыскерлерге ықпал ету дәрежесі анықталды. Бағалау еңбек процесінің мазмұнын, функционалдық міндеттерін, орындалатын жұмыс түрлерін анықтайтын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізілді. Зерттеу нәтижесі бойынша өндірістік бөлімдердің 33 мамандығының жұмыс орны 3 дәрежелі тәуекел деп бағаланды. Себебі, ол мамандықтардың жұмыс барысында негізінен, өндірістік құралдар, механизмдер, машиналардың қозғалатын, айналатын бөліктерінің әсер етуі (соққы, қапсырылу, қысылып қалу) себеп болып отыр.

Өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігін бағалау, өндірістік жабдықтың қауіпті әсер ету аймағында болатын мамандықтарды анықтау мақсатында өндірістік және қосалқы бөлімдерде жүргізілді, Жұмыс орындарындағы өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптар (техникалық, пайдалану, құжаттама) сақталған. Өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігін бағалау нәтижелері бойынша, зерттелген 26 мамандықтың барлығы тәуекелдің 2-дәрежесіне жататындығы анықталды, себебі кәсіпорындағы өндірістік технология замануи талаптарға сай, яғни жаңартылған өндірістік жабдықтар колданылады.

Жеке қорғаныс құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз етілуін бағалау арнайы киіммен, аяқ киіммен және т.б. қамтамасыз етілмеген мамандықтырды анықтау. З талап бойынша белгіленген талаптарға сәйкес үшін жүргізілді, оларға: ЖҚҚ берудің белгіленген стандарттарға сәйкестігі; ЖҚҚ беру үшін нормативтік-техникалық құжаттаманың болуы; пайдаланылған ЖҚҚ сапа сертификаттарының болуы. Бағалау нәтижелері бойынша кәсіпорынның барлық мамандықтары үшін 2-ші дәрежелі тәуекел анықталды, ейткені өндіріс процесінде қолданылатын жеке қорғаныс құралдары сертификатталған, сонымен қатар нормативтік-техникалық талаптарға сай келеді.

Науқастану тәуекелі науқастануға аса бейім мамандықтарды анықтау үшін бағаланды. Ол үшін кәсіпорындағы тіркелген еңбекке жарамсыздық параграфы талданды және күндерінің ұзақтығын белгілеу арқылы, науқастардың даму қаупі дәрежесі анықталды. Зерттеу нәтижесі бойынша, екі жыл ішінде 35 мамандық бойынша жұмыскерлердің еңбекке жарамсыздық параграфы тіркелген.

Қорытынды

Бағалау қорытындысы бойынша, көп науқастанатын мамандықтар негізінен, әкімшілік басқару бөлімшелердегі мамандықтармен қатар, негізгі бөлімше мамандықтары да жи екені анықталды. Бұл өз кезеңінде, кәсіпорында жұмыскерлердің денсаулығын жақсартуға бағытталған басқа да іс-шараларды жоспарлау керек екендігі ұсынылады.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындау барысында алынған нәтижелер негізінде, кәсіпорында еңбекті қорғауды басқарудың біріктіліген жүйесін енгізу үшін құжаттаттар пакеті дайындалды, оларға:

- кәсіпорындағы еңбекті қорғау саясаты;
- кәсіби тәуекелдерді бағалау бойынша нұсқаулық;
- өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттесттаттау тәртібі;
- жұмысшыларды арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету туралы ереже;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту (қайта даярлау), нұсқаулық беру және білімін тексері тәртібі туралы ереже;
- міндетті медициналық тексерулерді ұйымдастыру туралы ереже;
- жұмысқа байланысты жазатайым оқиғалар туралы хабарлау және тергеу тәртібі.

Әрі қарай, жаңа жүйені енгізу бойынша қажетті құжаттардың толық пакетін апробациялау мақсатында, семинар өткізілді және оларды сол кәсіпорындарға сәйкестендіру мақсатында түзетулер жасалды. Келесі кезеңде, Ғылыми-техникалық бағдарламаның апробациялаудан өткізіп жатқан жүйенің экономикалық тиімділігін анықтау жоспарлануда. Осылайша, ғалымдардың, жұмыс берушілердің, еңбекті қорғау қызметі мамандарының, жеке кәсіпкерлердің еңбекті қорғауды басқарудың жана жүйесін апробациядан өткізу кезіндегі ынтымақтастырының нәтижесі еңбекті қорғауды басқару біріктіліген жүйесінің түпкілікті нұсқасы болашақта Қазақстан Республикасының барлық кәсіпорындарында енгізілу үшін әзірленетін болады.

Yesbenbetova Zhanat Halykovna

Master of Science, Ecology,

Head of the laboratory for the study of occupational risks,

RSE on the right of economic management

«Republican Research Institute for Labor Protection,
Ministry of Labor and Social Protection of the Population
of the Republic of Kazakhstan», Nur-Sultan, Kazakhstan.

E-mail: nauka@rniiot.kz ORCID ID: 0000-0002-3966-327X

Analysis of the labor protection management system at the ceramic brick production enterprise

Abstract: Due to the ratification of Convention No. 187 of the International Labor Organization, a large-scale research project is being carried out in the Republic of Kazakhstan to improve labor protection management system. The article presents the results of the first and second stages of research carried out at the enterprise for the production of ceramic bricks in the framework of the scientific and technical program, which is divided into three stages. The existing labor protection management system at the enterprise was analyzed based on the results of the study. At enterprises, professional risks were assessed by five indicators. As a result, in company was developed and tested a package of documents on an integrated labor safety management system taking into account professional risks. During the approbation, the staff of the Republican Research Institute for labor protection of the Ministry of labor and social protection of the population of the Republic of Kazakhstan held seminars on jointly developed documents of responsible specialists in safety and labor protection at the enterprise and awarded certificates.

Keywords: occupational safety management system, professional risk, research work, pilot enterprise, working conditions.

Мақалага сілтеме: Есбенбетова Ж. Х. (2019) Керамикалық кірпіш өндіруші кәсіпорындағы еңбекті қорғауды басқару жүйесін талдау. «Ғылымның өзекті мәселелері» – Халықаралық практикалық интернет- конференция материалдары / Materials of International Practical Internet Conference “Challenges of Science”. ISBN 978-601-323-144-0. Басылым II, 2019. Бет: 55-59. <https://doi.org/10.31643/2019.009>

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Қазақстан Республикасының Енбек кодексі 2015 жылғы 23 нарашадағы № 414-V КРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414.3>
- [2] Под руководством Бисакава С.Г. Постатейный практический комментарий//Алматы: ТОО «МЦФЭР-Казахстан», 20167-1096 с.-на казахском и русском языках.
- [3] Москвичев А., Симонова Н., Вихров С., Иванов В. Совершенствование системы управления охраной труда на основе концепции управления профессиональными рисками // Охрана труда и социальное страхование. 2015, № 9.
- [4] Кашинцева Л., Хадарцев А., Хрупачев А. Производственная безопасность и профессиональный риск // LAPISBN:978-3-659-25188-7
- [5] Roland Iosif Moraru (2012). Current Trends and Future Developments in Occupational Health and Safety Risk Management, Risk Management for the Future - Theory and Cases, Dr Jan Emblemsvåg (Ed.), ISBN: 978-953-51-0571-8, InTech, Available from:
- [6] Есбенбетова Ж.Х. (2018) Автомобиль көлігімен жук тасымалдаушы кәсіпорын жұмыскерлерінің функционалдық жай-күйін еңбек жағдайларына байланысты бағалау // «Ғылымның өзекті мәселелері» – Халықаралық практикалық интернет- конференция материалдары/ Materials of International Practical Internet Conference “Challenges of Science”. Басылым I, 2019. Бет: 276 – 281. <https://doi.org/10.31643/2018.064>
- [7] Методические рекомендации по внедрению системы управления профессиональными рисками на предприятиях // Бисакаев С.Г., Абикенова Ш.К., Есбенбетова Ж.Х.//ISBN 978-601-06-4724-4, - Астана: РГКП «РНИИОТ МТСЗН РК», Астана, 2017 г. 84 с.

Туткабеков Саulet Туткабекович
Научный сотрудник лаборатории исследования условий труда
РГП на ПХВ «Республиканский научно-исследовательский
институт по охране труда Министерства труда
и социальной защиты населения»
E-mail: nauka@rniiot.kz

Менеджмент в области охраны труда и промышленной безопасности горно-металлургической отрасли

Аннотация: В статье рассмотрены основные принципы направления политики в области охраны труда, актуальные вопросы профессиональной безопасности и здоровья работников на предприятии горно-металлической отрасли. Рассмотрен проект профилактических работ по снижению травматизма работающих на предприятии с вредными условиями труда. Проведен анализ системы управления охраной труда на примере международной аудиторской компанией «Дюпон». Выделяются ключевые приоритеты обучения персонала работников подрядных, субподрядных организаций (Корпоративным глобальным стандартом, стандартом предприятия) прохождение наблюдательного аудита по международному стандарту OHSAS 18001. Реализованный проект «Красные скорпионы» включает следующие мероприятия: постоянный мониторинг состояния техники безопасности на рабочих местах, разрабатываются мероприятия по безопасному производству работ, ежедневно проводится разъяснительные работы перед началом рабочей смены и во время проведения работ.

Ключевые слова: политика, охрана труда, система управления охраной труда, травматизм, техника безопасности.

В 2015 году на предпринятых горно-металлургической отрасли пострадало 305 человек, в том числе 34-го смертельным исходом [2,3]. Основными причинами несчастных случаев на производстве явились не удовлетворительная организация производства работ, грубая неосторожность со стороны самих пострадавших, нарушение правил БиОТ. Также численность работающих во вредных условиях труда по сравнению с 2011годом увеличилась на 11,4%, составив более 390 тыс. человек. Следовательно, каждый пятый работал во вредных и /или опасных условиях труда.

Исходя из вышеизложенного, целью работы явилось проведение мероприятий по уменьшению производственных рисков и улучшению условий и охраны труда, промышленной безопасности, постоянное совершенствование и повышение стандартов безопасного труда.

Исследуемое предприятие сертифицировано в соответствии системе менеджмента качества на базе МС ISO 9001, экологического менеджмента ISO 14001. В 2014 году подтверждено соответствие международному стандарту профессиональной безопасности OHSAS 18001. В данной системе предусмотрена Политика в области профессиональной безопасности и здоровья, основополагающим принципом которой является: «Приоритет жизни и здоровья сотрудников над производственными процессами и финансовыми показателями предприятия и приверженность к постоянному улучшению в области безопасности и здоровья на производстве» [1].

Предприятием была принята политика охраны труда и здоровья, которая заявляет о том, что сотрудниками будут приложены все усилия, для того, чтобы полностью исключить вероятность несчастных случаев и травматизма. Политика OHSAS 18001 принята к выполнению всеми предприятиями Казахстана. В политике сказано, что безопасность труда и здоровье работников, как на рабочем месте, так и за его пределами, является базовой составляющей бренда компании.

Основные принципы Политики в области охраны труда: производственный травматизм и профессиональные заболевания могут и должны быть предотвращены; руководство компании несет ответственность за безопасность труда и здоровье своих работников; важную роль в обеспечении безопасности труда занимают обучение, информирование, вовлечение всех сотрудников в этот процесс; каждый сотрудник выполняет свою роль в предотвращении несчастных случаев и профзаболеваний; достижение хороших показателей по технике безопасности и охране труда приведет нас к блестящим результатам нашей деятельности; безопасность труда и здоровье сотрудников должны быть неотъемлемой частью процесса управления компанией.

В соответствие с политикой в области охраны труда и техники безопасности в компании были разработаны ключевые приоритеты: нулевой уровень смертельного травматизма; снижение уровня общей и профессиональной заболеваемости; обучение персонала, работников подрядных, субподрядных организаций «Корпоративным глобальным стандартам, стандартам предприятия»; прохождение наблюдательного аудита по международному стандарту OHSAS 18001; реализация программы SRDC по ремонту санитарно-бытовых объектов (ремонт душевых, санитарных узлов, столовых); выполнение программы по «Пожарной безопасности»; выполнение программы «Здоровье».

С целью постоянно контроля за уровнем травматизма на комбинате проводится постоянный учет несчастных случаев, сопровождаемый последующим анализом и предотвращением различного травм у работающих.

В рамках программы по соблюдению техники безопасности на предприятии проводились мероприятия, направленные на повышение уровня знаний работников в области техники безопасности, такие как: «Стремление к нулевому уровню травматизма»; «Нулевая терпимость к нарушениям техники безопасности», проект по выявлению потенциально-смертельных действий/угроз/ситуаций. комплексная оценка по состоянию ОТ всех подрядных организаций с присвоением категории.

Одними из проектов для соблюдение правил ТБ является «Красные скорпионы», направленное на мониторинг работы подрядных организаций. «Красные скорпионы» обеспечивают контроль за работой подрядчиков на строительных объектах, выявляют и регистрируют нарушения и несоответствия, разрабатывают и внедряют мероприятия, обеспечивающие безопасность работ на строительных площадках, проводят обучение руководителей и работников подрядных организаций на основе анализа работы и выявленных узких мест при производстве строительно-монтажных работ [1].

Реализация проекта «Красные скорпионы» включает следующие мероприятия: Постоянный мониторинг состояния техники безопасности на строительной площадке; разработку мероприятий по безопасному производству работ; введение в действие приложения к контрактам по безопасному производству работ; ежедневное проведение разъяснительной работы среди работников подрядной организации перед началом рабочей смены и во время проведения работ; ежедневное посещение оперативных совещаний; проведение совещаний с руководством подрядных организаций по вопросам техники безопасности; участие в решении вопросов по технике безопасности; проведение встреч с инженерами отдела техники безопасности подрядных организаций; разработку новой модели спецодежды для группы «Красные скорпионы».

Известно, что 28 апреля ежегодно проводиться день охраны здоровья и техники безопасности (ОЗ и ТБ) во всех предприятиях РК. Основной темой дня по охране здоровье ОЗ и технике безопасности ТБ – Остановись, подумай и действуй безопасно: «Нет падениям» и «Держись подальше от опасных мест». В ходе данного мероприятия в компании были проведены: Совместные комиссионные обходы (аудитов) рабочих мест по вопросам охраны здоровья и безопасности труда по подразделениям департаментов компании; самооценки по Глобальным стандартам руководителями подразделений департаментов компании; аварийные учебные тренировки по Глобальным стандартам персоналом подрядных организаций, выполняющих работы на производственных площадках компании; мероприятия по общему оздоровлению работников компании с освещением в СМИ; торжественный митинг, посвященного Дню ОЗ и ТБ с участием работников компаний, представителей профсоюзов, персонала подрядных организаций.

Так же на предприятии была разработана и успешно действует программа «Здоровье». Данная программа направлена на улучшение условий труда, аттестацию рабочих мест, контроль соблюдения допустимого уровня шума и вибрации, допустимой концентрации пыли, газов, аэрозолей, санитарно-гигиеническое обучение работников, контроль за использованием средств индивидуальной защиты, анализ общей и профессиональной заболеваемости с анализом основных причин. А также проведение

профилактического медицинского осмотра, комплекса профилактического лечения на амбулаторно-поликлиническом, стационарном, санаторном уровнях, реабилитационного лечения больных с профессиональными заболеваниями и последствиями производственных травм, реализация предсменного и после сменного алкоконтроля и наркоконтроля и создание единого современного лечебно-диагностического реабилитационного центра. В целях реализации данной программы и глобального стандарта «Алкоголь и наркотики» проходные и здравпункты горно-металлургии были обеспечены алкотестерами [1].

Также предприятие для улучшения условий ОТ и ТБ заимствовало опыт компании «Дюпон», которая является лучшим мировым брендом. Компанией Дюпон на предприятии проведен аудит текущего состояния условий труда и проведена оценка системы управления охраной труда в ходе которой побеседовали с топ-менеджерами, посетили пять основных цехов, изучили всю документацию по технике безопасности, провели интервью и фокус-группы с начальниками, мастерами, бригадирами и рабочими этих подразделений, со специалистами УОТ, ТБ и ПБ и ответственными по ТБ, побывали на сменно-встречных собраниях, поучаствовали в совместных аудитах по ТБ.

Представителями «Дюпон» было отмечено, что на всех уровнях управления есть желание изменить и улучшить культуру безопасности. Недостатком действующей системы предприятия является то, что значительная часть ресурсов тратится на корректирующие, а не предупреждающие действия. Также, руководители зачастую допускают своих подчиненных к выполнению работы с отступлением от требований правил ТБ. Линейные руководители в большей степени отдают приоритет производству, а не технике безопасности, и не знают политики в области охраны труда. Установлено, что главной задачей руководства должно стать обеспечение четкого понимания работниками эффективности системы управления охраной труда, и понимать их необходимость.

В дальнейших планах предприятие будет продолжать сотрудничество с компанией «Дюпон», займется обучением людей безопасному поведению, формирования на предприятии качественных факторов производственной среды, оказывающих не посредственное влияние на уровни производительности труда, качества продукции, а также престижа предприятия среди конкурентов.

Важность формирования на предприятии качественных факторов производственной среды оказывает непосредственное влияние на уровни производительности труда, качества продукции, а также престижа компании среди конкурентов.

Также хорошим примером в формировании положительных условий работы выступает система «5S». Реализуемая предприятием горно-металлургии на протяжении четырех лет, данная система способствовала достижению таких приоритетных результатов как улучшение безопасности рабочих мест, улучшение организации рабочих процессов, увеличение рабочего пространства, чистота рабочего пространства, снижение потерь времени на поиски инструмента, повышение эффективности рабочих мест [1].

Таким образом, заимствование опыта компании «Дюпон» имеет важное значение для снижение несчастных случаев со смертельным исходом. Успешное внедрение на предприятие таких проектов как «Красные Скорпионы», программа (5S), политика OHSAS (18001) в области охраны труда и промышленной безопасности позволила снизить производственный травматизм и способствовала реализации поставленной цели.

Tatkabelj Saulet Tutkevich

Researcher of laboratory studies of working conditions
RSE on PHV "Republican research
Institute for labor protection of the Ministry of labor
and social protection of the population»
E-mail: nauka@rniiot.kz

Management in the field of labor protection and industrial safety of the mining and metallurgical industry

Abstract: the article deals with the basic principles of the policy in the field of labor protection, topical issues of professional safety and health of workers at the enterprise of mining and metal industry. The project of preventive works on reduction of traumatism working at the enterprise with harmful working conditions is considered. The analysis of the labor protection management system on the example of the international audit company "DuPont" is carried out. The key priorities of personnel training of employees of Contracting, subcontracting organizations (Corporate global standard, enterprise standard) passing of Supervisory audit according to the international standard OHSAS 18001 are allocated. The implemented project "Red Scorpions" includes the following activities: constant monitoring of the state of safety in the workplace, measures are developed for the safe production of works, daily explanatory work is carried out before the start of the work shift and during the work.

Keywords: policy, labor protection, labor protection management system, injuries, safety.

Ссылка на данную статью: Туткабеков С. Т. (2019) Менеджмент в области охраны труда и промышленной безопасности горно-металлургической отрасли. Материалы Международной практической интернет-конференции «Актуальные проблемы науки» / Materials of International Practical Internet Conference "Challenges of Science". ISBN 978-601-323-144-0. Выпуск II, 2019. Стр.: 60 - 63. <https://doi.org/10.31643/2019.010>

Список литературы

- [1] Гельманова З.С., Жабалова Г.Г., Гарт Н.А. Система менеджмента профессиональной безопасности и здоровья // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2015. – № 2-2. – С. 270-274.
- [2] URL: <https://metalmininginfo.kz> (дата обращения: 05.11.2019).
- [3] <https://www.arcelormittal.kz>

Шорманов Серікхан Тұрсынханұлы
«Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
Еңбекті қорғау жөніндегі респубикалық
ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК
аға ғылыми қызметкері
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

E-mail: nauka@rniiot.kz ORCID ID: 0000-0003-0170-3990

Қазақстан Республикасындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жүйесінің жай-күйі

Абстракт: Мемлекеттік реттеу шараларын тиімді біріктіру, өндірістегі практикалық іске асыру мүмкіндіктері және қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етудегі ғылыми инновациялар негізінде еңбекті қорғауды басқару жүйесін күрү негізгі бағыттары болып табылады. Өндірістік жарақаттанудың жай-күйі және оларды төмендету жолдары Қазақстан Республикасында кәсіби тәуекелдерді басқару негізінде халықаралық, ұлттық стандарттарды және интеграцияланған еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізу болып табылады. Қазақстандағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың ұлттық жүйесі әлеуметтік әріптестердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері реттеу және ынтымактастық тетіктерін қамтиды. Сонымен қатар жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі жағдайларын тұрақты жақсартуға жұмыс берушілердің экономикалық және қаржылық мүдделелігін арттыру, өндірістегі жазатайым оқигалардан сақтандыру жүйесі еңбек қауіпсіздігі шарттары бойынша өндірістік объектілердің тәуекелдерін бағалау нәтижелерімен өзара байланысты.

Түйінді сөздер: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесі, өндірістік жарақаттану динамикасы, халықаралық және ұлттық стандарттарды енгізу, OHSAS 18001 өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқару жүйесінің халықаралық стандарттары, еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігінің ұлттық жүйесі.

Қазақстанда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесі ондаған жылдар бойы қалыптасты. 2015 жылғы 23 қарашадан бастап Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі қабылданды. «Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау» бөлімін әзірлеу кезінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы халықаралық стандарттардың нормалары мен талаптары ескерілді [1].

Қазақстанда жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың көптеген мәселелерін, еңбек қауіпсіздігі жағдайларының нашарлауын, өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулардың жоғары көрсеткіштерін айқындаады.

Өндірістік жарақаттану динамикасы соңғы үш жылда өндірісте жыл сайын 1,6 мыңдан астам жазатайым оқиғаға жол берілетінін көрсетеді, өліммен аяқталған зардап шеккендердің саны жоғары деңгейде сақталуда. 2016 жылы өндірісте 248 адам, 2017 жылы - 244 адам, 2018 жылы - 220 адам, 2019 жылдың 9 айында - 111 адам қайтыс болды [3].

Әр түрлі салаларда жарақаттану себептерінің өз ерекшеліктері бар, бірақ барлығы үшін жалпы мыналар болып табылады: жұмыстарды жүргізууді қанағаттанарлықсыз ұйымдастыру, еңбек және өндірістік тәртіпті бұзу, жұмыстың қауіпсіз тәсілдеріне жеткіліксіз оқыту, қауіпсіздік техникасы талаптарының бұзылуы.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, өндірістік жарақаттануды азайту мақсаты халықаралық және ұлттық стандарттарды енгізу болып табылады, олар өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды қамтиды. Еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау жұмыс берушіге зиянды еңбек жағдайлармен нақты жұмыс орындарын, жұмыс орындарының жарақат қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмыскерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етудегі кемшіліктерді объективті анықтауға мүмкіндік береді, бұл өз кезеңінде мақсатты бағытталған ұйымдастыруышылық және гигиеналық ұсынымдардың негізінде еңбек үдерісінің қауіптілігі, тәуекелдер, өндірістік жарақаттану деңгейін қысқартуға, жалпы және кәсіби аурулар төмендетуге мүмкіндік береді. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішшараларды орындау кезектілігін айқындайды, негізсіз материалдық және қаржылық шығындарды алып тастайды.

Республика кәсіпорындарында OHSAS 18001 еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесінің халықаралық стандарттарын жұмыс берушілер 2005 жылдан бастап енгізе бастады.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің веб-сайтында орналасырылған облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктерінің деректері бойынша, 2018 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша, Қазақстанның 1410 кәсіпорны OHSAS 18001 стандартына сәйкестігіне менеджмент жүйесін енгізді және сертификаттады. Жергілікті атқарушы органдардың еңбек инспекциясы органдарының мәліметтері бойынша республикада барлығы 2 мыңдан астам кәсіпорын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі халықаралық және ұлттық стандарттарды енгізді.

Нәтижесінде, егер 2009 жылы өндірістегі жазатайым оқиғалардан 355 адам қайтыс болса, 2018 жылдың қорытындысы бойынша - 220 адам қайтыс болды, өліммен аяқталған өндірістік жарақаттану деңгейі 38 пайызға төмендеді [3].

2014 жылғы қазанда «Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасына жәрдемдесетін негіздер туралы конвенцияны (187-конвенция) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [2].

Осы Конвенцияның негізгі бағыты жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің неғұрлым өкілді ұйымдарымен консультациялар негізінде ұлттық саясат, ұлттық жүйе және ұлттық бағдарламаны әзірлеу арқылы өндірістік жарақаттану, кәсіптік аурулар және өндірісте адамдардың қаза болуы жағдайларының алдын алу болып табылады.

Қазақстан Республикасының осы Конвенцияға қатысуы еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы саласындағы халықаралық ынтымақтастық үшін маңызды мәнге ие және Қазақстанның осы саладағы халықаралық нормаларды сақтау мен орындауға бейілділігін растайды.

Қазақстандағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың ұлттық жүйесі әлеуметтік әріптердердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік реттеу және ынтымақтастық тетіктерін (*республика кәсіпорындарында мемлекеттік және ішкі бақылау және еңбекті қорғауды басқару жүйесі*) қамтиды.

Жұмыс берушілерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды қатаң сақтауды ұйғаратын міндетті және ерікті ынталандыру жүйесі құрылды (*Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және Қылмыстық кодексе сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларды бұзғаны үшін жұмыс берушілердің жауапкершілігін күшейту*).

Әкімшілік кедергілерді алып тастау және жұмыс берушілердің, бірінші кезекте, шағын және орта бизнес өкілдерінің шығындарын азайтуды көздейтін жұмыс берушілердің еңбек қауіпсіздігі жағдайларының заңнама талаптарына сәйкестігін ерікті декларациялау жүйесі енгізілді. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормалар жүйесі, санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтер, өндірістегі жазатайым оқиғалар мен

кәсіптік ауруларды есепке алу және статистикалық есептіліктің мемлекеттік және ведомствоның жүйесі қалыптастырылды.

Сонымен қатар жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі жағдайларын тұрақты жақсартуға жұмыс берушілердің экономикалық және каржылық мұдделілігін арттыру, өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру жүйесі еңбек қауіпсіздігі шарттары бойынша өндірістік объектілердің тәуекелдерін бағалау нәтижелерімен өзара байланысты.

Қазақстандағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың қанағаттанғысыз жай-күйінің себебі қазіргі уақытта қолданыстағы еңбекті қорғауды басқару жүйесі олардың алдын алуға емес, өндірістегі жазатайым оқиғаларға дең қою қағидаттарына құрылғаны болып табылады. Кәсіпорындардағы жұмыскерлердің денсаулығына қолайсыз өндірістік факторлардың әсерін талдау іс жүзінде жүргізілмейді. Олардың пайда болу себептері емес, жазатайым оқиғалардың салдары ғана тіркеледі. Бұл ретте, негізгі назар өндірісте жұмыскерлер денсаулығының зақымдану жағдайларының алдын алуға емес, ал жазатайым оқиғалар орын алған кезде өтемақылық іс-шараларға бөлінеді.

Жалпы алғанда, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың қанағаттанғысыз жай-күйінің негізгі себептерінің арасында мыналарды атап өтуге болады:

- республика ұйымдарында еңбекті қорғауды басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етпеу;

- кәсіпорындардың көптеген нормативтік-құқықтық актілері мен нормативтік-техникалық құжаттарының уақыт талаптарына, технологиялық үрдіс деңгейіне сәйкес келмеуі, кәсіпорындардың еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік-құқықтық актілермен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;

- мемлекеттік еңбек инспекциясының бақылау қызметіндегі кемшіліктер, Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау жүйесінің жетілдірілмеуі;

- жұмыскерлердің денсаулығын және еңбекті қорғау мәселелерін мемлекеттік реттеудің ғылыми негізін қамтамасыз өтуге арналған зерттеу инфрақұрылымының жеткілікін дамуы;

- кәсіптік аурулардың ерте белгілерін анықтаудың төмен деңгейі және алдын алу жұмыстарының нашар жүргізуі;

- жұмыскерлердің өндірістегі жазатайым оқиғалардан міндепті сақтандыру жүйесімен нашар қамтылуы және әлеуметтік қорғаудың басқа деңгейлерінен төленетін төлемдермен өзара байланыстың болмауы;

- заңнамада көзделген әлеуметтік әріптестік тетіктері толық көлемде іске асырылмайды;

- кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларына жұмыскерлерді жеткілікін тарту;

- жекелеген жұмыс берушілердің, әсіресе шағын және орта кәсіпорындар басшыларының еңбекті қорғау жағдайына жауапсыз қарауы, еңбек және технологиялық тәртіптің төмен деңгейі, басшы жұмыскерлердің өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында тиісті дағдылары мен біліктілігінің болмауы.

Осылан байланысты, келтірілген кемшіліктерді жою республиканың кәсіпорындарында еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғаудың жай-күйін жақсартуға ықпал етеді. Қазақстан Республикасында еңбекті қорғауды басқарудың қолданыстағы жүйесі өндірістік жақағаттану көрсеткіштерін дамыған елдер деңгейіне дейін төмендетуді қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіріледі.

«Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК өткен жылы «Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу» тақырыбына ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді. Ағымдағы жылы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері кәсіби

тәуекелдерді басқару негізінде еңбекті қорғауды басқарудың әзірленген біріктілген жүйесі түрінде 20 пилоттық кәсіпорынга енгізілуде.

Осылайша, негізгі бағыттар мемлекеттік реттеу шараларын тиімді біріктіру, өндірістегі практикалық іске асыру мүмкіндіктері және қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етудегі ғылыми инновациялар негізінде еңбекті қорғауды басқару жүйесін құру болып табылады.

Shormanov Serikhan Tursynkhanovich

Senior Research, RNE «Republican Research Institute for Labor Protection of the Ministry of Labor and Social Protection of the Population

of the Republic of Kazakhstan» Nur-Sultan, Kazakhstan.

E-mail: nauka@rnriiot.kz ORCID ID: 0000-0003-0170-3990

State of system of safety and labour protection in Republic of Kazakhstan

Abstract: The main areas are the effective integration of state regulation measures, the possibility of practical implementation at the workplace and the creation of a labor protection management system based on scientific innovations in the field of safe labor protection. The state of industrial injuries and ways to reduce it is the introduction of international, national standards and integrated labor protection management systems based on professional risk management in the Republic of Kazakhstan. The national system of labor and health protection in Kazakhstan includes mechanisms of state regulation and cooperation on labor protection and the protection of social partners. At the same time, increasing the economic and financial interest of the employer in constantly improving the safety of workers, the accident insurance system is interconnected with the results of risk assessment of industrial facilities under labor protection conditions.

Keywords: system of safety and labour, loud speaker of productive traumatism protection, introduction of international and national standards, international standards of control system by a labour and industrial safety of OHSAS 18001 protection, national system of safety and labour protection.

Мақалаға сілтеме: Шорманов, С (2019) Қазақстан Республикасындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жүйесінің жай-күйі. «Ғылымның өзекті мәселелері» – Халықаралық практикалық интернет- конференция материалдары / Materials of International Practical Internet Conference “Challenges of Science”. ISBN 978-601-323-144-0. Басылым II, 2019. Бет: 64-67. <https://doi.org/10.31643/2019.011>

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (13.06.2017 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>

[2] «Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасына жәрдемдессетін негіздер туралы конвенцияны (187-конвенция) ратификациялау туралы» 2014 жылғы 20 казандығы № 243-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заны. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000243>

[3] Республика ұйымдарындағы өндірістік жаражаттанудың жай-күйі туралы мемлекеттік еңбек инспекторларының жиынтық есептері. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000251_

Бұл СС BY-NC-ND лицензиясы бойынша қол жетімді мақала (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/3.0/>)
«Ғылымның өзекті мәселелері» – Халықаралық практикалық интернет- конференция материалдары
Басылым II, Қараша 2019
ISBN 978-601-323-144-0
<https://doi.org/10.31643/2019.012>

Қантарбаева А. Д.

Еңбек қорғау саласындағы реттеу зертханасының ағағылыми қызметкери
«Қазақстан Республикасы Еңбекті және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық
ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
E-mail: nauka@tniiot.kz

Асфальт-бетон зауытының мысалында жұмысшылардың ақыл-ой қабілеттілігін бағалау

Абстракт: Мақалада, автор асфальт-бетон зауытының жұмысшыларының Анфимов кестесін пайдалану арқылы ақыл-ой қабілеттілігін зерттеулер нәтижелері көлтірген. Зерттеуді автор алдын ала дайындалған тапсырмалар бойынша жұмысшылармен берілген бір уақыт ішінде жүргізгені көрсетілген. Зерттеу нәтижелері бойынша жұмыс қабілеттілігінің сандық және сапалық көрсеткіштер бойынша жүргізілген. Соңдай-ақ, зерттеу барысында жұмысшылардың аусым алдында және аусынман кейінгі орталық жүйке жүйесінің функционалды жағдайына, ақыл-ой өнімділігіне, ақпаратты өңдеу көлемі мен жылдамдығына, зейін тұрақтылығына және адамның денсаулығы мен шаршау қүйіне талдау жүргізілді. Зерттеу барысында алынған ақпараттарға сай аусынман кейінгі жұмысшылардың ақыл-ой өнімділігі аусынам алдындағы тексерілген жұмысшыларға қарағанда едәуір жоғары екені көлтірілді. Соңдай-ақ аусынмының соңында жұмысшыларда «соңғы екпін» немесе «соңғы екпін» фазасы байқалуы мүмкін екені көрсетілді.

Тірек сөздер: Ақыл-ой қабілеттілігі, Бурдон-Анфимов кестесі, аусынам алдында, аусынман кейін, соңғы екпін.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 24-бабының 2-тармағына сәйкес әркімнің қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларына құқығы бар[2]. Ойткени қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету әрбір мемлекет пен қоғам ұмтылатын өзекті міндет және негіз қалаушы мақсат болып табылады. Сонымен қатар, еңбек қызметіндегі басым бағыттарының бірі ол жұмыскердің өмірі мен денсаулығы. Осыған орай қазіргі кезде мемлекет тарарапынан жұмыскерлердің денсаулығын сактау, жұмыс қабілеттілігін арттыру үшін әр түрлі шаралар қолдануда.

Сонымен қатар, өндірістегі жұмысшылардың шаршағыштық белгілерін ертерек анықтау және оларды дер кезінде түзетуге ерекше назар аударуда. Себебі шаршағыштықтың дамуы және әлсіздіктің басталуы адамның денсаулығына, ақпараттың сіңуіне және нейропсихикалық әсердің төмендеуіне әкеледі.

Адамның ақыл-ой қабілеттілігі физиологиялық факторларға (жас, жыныс, физикалық және функционалдық даму деңгейі, денсаулық жағдайы, тамақтану), физикалық факторларға (географиялық, климаттық жағдайлар), психикалық факторларға (эмоционалды көңіл-күй) байланысты [3]. Осы факторлардың барлығы бір уақытта денеге әсер етеді және бір-бірімен өзара әрекеттеседі [5].

Қазіргі уақытта жұмысшылардың ақыл-ой қабілеттерін зерттеуде көнектілген түзету хаттары қолданылады - Анфимовтың кестесі. Бұл кесте бізге орталық жүйке жүйесінің функционалды жағдайын тағайындаудың дәлдігін, ақыл-ой өнімділігін, ақпаратты өңдеу көлемі мен жылдамдығын,

зейін тұрақтылығын және адамның денсаулығы мен шаршаша күйін негіздеуге мүмкіндік береді. Себебі әр адамның психикалық және физикалық қабілеті орталық жүйке жүйесінің функционалды жағдайына байланысты.

Сондықтан адамның ақыл-ой қабілетінің деңгейін анықтау үшін өндіріс өнеркәсібінің жұмысшылары (асфальтбетон зауыты) Бурдон-Анфимов кестесі арқылы зерттелді [1]. Зерттеуге әр түрлі кәсіптің 17 жұмыскері катысты. Катысушылар алдын-ала дайындалған формалар бойынша тапсырманы 4 минут ішінде орындаады. Зерттеу нәтижелері бойынша жұмыс қабілеттілігінің сандық көрсеткіштері, мысалы, жұмыс көлемі (4 минут ішінде қаралған таңбалардың жалпы саны (S), сзыылған таңбалардың жиынтық саны (M), ақпаратты көру көлемі, ақпаратты өңдеу жылдамдығы анықталды. Сонымен қатар, сапаның тиімді көрсеткіштері - 4 минут ішінде қаралған таңбалардан сзыып тастау қажет болған әріптердің саны (N), таңбаларды қарау кезінде жіберілген қателер саны (n); тапсырманы орындаудың дәлдік коэффициенті: ақыл-ой өнімділігінің коэффициенті; зейін тұрақтылығының көрсеткіші анықталды.

1-кестеде – Зерттеу барысында алынған мәліметтер

Аусымға дейін	S	M	N	n	Аусымнан кейін	S	M	N	n
1	560	106	132	26	1	560	148	154	6
2	642	148	176	28	2	590	160	160	0
3	478	122	130	8	3	518	132	140	8
4	560	116	132	16	4	658	176	178	2
5	602	150	164	14	5	776	206	212	6
6	826	208	218	10	6	832	214	220	6
7	624	130	170	42	7	644	172	184	12
8	936	128	226	98	8	400	108	118	10
9	480	98	116	18	9	418	100	122	22
10	784	166	204	38	10	446	92	124	32
11	756	198	206	8	11	732	176	186	10
12	480	118	132	14	12	654	160	178	18
13	1040	152	272	120	13	586	178	178	0
14	670	164	218	54	14	784	188	212	24
15	516	152	156	4	15	786	206	212	6
16	330	68	90	22	16	744	182	202	20
17	400	98	116	18	17	714	180	188	8

Зерттеу нәтижелерін бағалау көрсеткендей, зерттелген жұмыскерлер аусымнан кейін ұсынылған таңбаларды жылдам, көбірек бөліп көрсетті, және аусымға дейінгі зерттелген жұмысшыларға қараганда жіберілген қателері аз болды.

Сонымен қатар, назар аударудың шоғырлануы мен тұрақтылығы бойынша ақыл-ойдың жұмысқа қабілеттілігі келесі критерийлер бойынша бағаланды.

2 – кесте - Ақыл-ой еңбегін бағалау критерийлері

Бағалау	Еңбек саны -қаралған таңбалар	Еңбек сапасы -жіберілген қателер
Өте жақсы	1000 жоғары	0-2
Жақсы	900-1000	3-5
Қанагаттанарлық	700-900	6-10
Қанагаттанарлықсыз	700 кем	11 және одан көп

Берілген кестеге сәйкес, аусымға дейін зерттелген жұмысшылардың ақыл-ойларының жұмысқа қабілеттілігі келесі нәтижелерді көрсетті: 1- өте жақсы, 1- жақсы 3 қанагаттанарлық, 12 қанагаттанарлықсыз, ал аусымнан кейін зерттелген жұмысшылардың 7 - қанагаттанарлық, 10 - қанагаттанарлықсыз.

Сонымен қатар ақыл-ой қабілеттерін бағалау келесі әдістеме бойынша жүргізілді:

1. Тапсырманы орындаудың дәлділік коэффициентін есептеу (A)

$A = M / N$:

2. Ақыл-ой өнімділігінің коэффициентін есептеу (P):

$$P = A \times S$$

3. Көру ақпаратының көлемін есептеу (Q)

$$Q = 0.5936 \times S,$$

мұндағы 0.5936 - ақпараттың орташа мөлшері, бір таңбаға келетін.

4. Ақпаратты өндеду жылдамдығын есептеу(V):

$$V = (Q - 2.807 \times n) / T,$$

мұнда 2 807 бит - бір өткізіп алған таңбаға келетін ақпараттың жоғалуы; T – тапсырманы орындау уақыты секундпен.

5. Зейін тұрақтылығының көрсеткішін есептеу (3T):

$$3T = S / p.$$

Есептеу нәтижелері 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте - Өндіріс жұмысшыларының ақыл-ой қабілеттерін бағалау параметрлері

Аусынға дейін	A шарт. бірлік	P шарт. бірлік	Q бит	V бит/сек.	3T	Аусын -нан кейін	A шарт. бірлік	P шарт. бірлік	Q бит	V бит/сек.	3T
1	0,80	448,0	332,4	1,08	1,25	1	0,96	537,6	332,4	1,31	1,04
2	0,84	539,3	381,0	1,26	1,19	2	1,00	590,0	350,2	1,46	1,0
3	0,94	449,3	283,8	1,09	1,06	3	0,94	486,9	307,4	1,19	1,06
4	0,88	492,8	332,4	1,20	1,14	4	0,99	651,4	390,6	1,60	1,01
5	0,91	547,8	357,4	1,3	1,10	5	0,97	752,7	460,6	1,85	1,03
6	0,95	784,7	490,4	1,93	1,05	6	0,97	807,0	493,8	1,99	1,03
7	0,76	474,2	370,4	1,0	1,31	7	0,93	598,9	441,6	1,70	1,07
8	0,57	533,5	555,6	1,2	1,75	8	0,92	368,0	237,4	0,87	1,09
9	0,84	403,2	285,0	1,0	1,19	9	0,82	347,8	248,2	0,78	1,20
10	0,81	635,0	265,4	1,5	1,23	10	0,74	330,0	264,8	0,73	1,35
11	0,96	725,8	448,8	1,8	1,04	11	0,95	695,4	434,6	1,69	1,05
12	0,89	427,2	285,0	1,	1,12	12	0,90	588,6	388,2	1,41	1,11
13	0,56	582,4	617,4	1,2	1,78	13	1,00	586,0	347,8	1,45	1,0
14	0,75	502,5	397,8	1,0	1,33	14	0,89	697,8	465,4	1,66	1,12
15	0,97	500,5	306,4	1,2	1,03	15	0,97	762,4	4 66,6	1,87	1,03
16	0,76	250,8	195,8	0,6	1,31	16	0,90	669,6	441,6	1,61	1,11
17	0,84	336,0	337,4	0,8	1,19	17	0,96	685,4	423,8	1,67	1,04

Зерттелген жұмысшылардың ақыл-ой қабілеттерін бағалау үшін алынған параметрлерге сүйене отырып, ауысымнан кейінгі тапсырмалардың дәлдігі мен жұмысшылардың ақыл-ой өнімділігі ауысым алдындағы тексерілген жұмысшыларға қараганда едәуір жоғары деген қорытынды жасауға болады. Ауысымнан кейін жұмыскерлер өздеріне жүктелген міндеттерді мұқият және жауапкершілікпен орындайды.

Осылайша, жұмыс ауысымының соңында оның аяқталуының алдында жұмысшыда «соңғы екпін» немесе «соңғы екпін» fazасы байқалуы мүмкін, бұл ретте жұмыс қабілеттілігі тіпті демалыс берілмей ішінәра қалпына келтіріледі [4.6].

Алғыс. Зерттеуге қатысуға келісім берген асфальт-бетон зауытының басшылығына автор алғыс білдіреді.

Kantabayeva A. D.

Research Officer of the Laboratory of Regulation in the field of Labor

Protection, RSE on the right of economic management

«Republican Research Institute for Labor Protection,

Ministry of Labor and Social Protection of the Population
of the Republic of Kazakhstan», Nur-Sultan, Kazakhstan.

E-mail: nauka@rniiot.kz

Assessment of mental capacity of workers on the example of asphalt plant

